

Астана қаласы
А. Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицейі
Жалпы мектептік ата-аналар комитетінің жиналысының жоспары

Хаттама №3

Өткізілген күні: 14.11- 17.11.2021ж

Қатысқандар: 1-11 сынып ата-аналары

Күн тәртібінде

Жалпы мектептік ата-аналар жиналысының жоспары

Қараша (14.11- 17.11.2021ж)

1.Бірінші тоқсан қорытындысы.

(Мектеп директоры - Әметбеков Ғ.Б)

2. «Ата-ана, мектеп, оқушы –болашаққа бағытталған ынтымақтастық» жұмыстары туралы.

(Сынып жетекші)

3. Интернеттегі жұмыс қауіпсіздігі және ата-ана бақылау мәселелеріне ерекше назар аудару

(Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
–Нуралиева С.С, Бекебаева Н.Т)

4. «Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ»

(Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегіменеджер
- Әбішев М.Е)

Мектеп директоры Ғ.Б Әметбеков: бірінші тоқсан қорытындысы мен жалпы мектептің оқу үлгерімін ата-аналарға таныстырып, ата-аналардың ұсыныстарын тындап, ата-аналарға мектепте атқарылып жатқан жұмыстар мен жоспарланған іс-шараларды айтып үш жақты бірлескен жұмыс істеуге шақырды.

Мектепке ата-аналарды жиі келтіру, Мектеп – отбасы – қоғам арасындағы ынтымақтастықты нығайту, серіктестікті қалыптастыру, ата - аналармен бірлескен жұмысты көрсету мақсатында «Ашық есік күнін» өткізу маңызды іс-шараның бірі болып отыр. Бұл күні ата-анамен мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, үйірме жетекшілері, мектеп инспекторы мен психологтары бірлесіп жүргізген жұмыстардың бала тәрбиесінде нәтиже берері сөзсіз.

«Ертең өсіп келеді, ертеңмен бірге адам өсіп келеді. Бізде қазір жаңа қоғам

ғана жасалып жатқан жоқ, жаңа адам жасалып келеді». Олай болса ертеңіміз нұрлы да жарқын болуы үшін мектеп, ата-ана болып бірлесе жұмыс жасау керек- деді.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары –Нуралиева С.С, Бекебаева Н.Т: балалардың қауіпсіздігі, жол қауіпсіздігі, кибербуллинг, буллинг, интернет қауіпсіздігі жөнінде ақпарат беріп, ата-аналарға кеңестер айтты. Баланың досы болыңыз, бала ешқашан қараусыз шетте қалмауын сезіну керек, баланы адамдармен тіл табысуға уйрету керек. Баланың бос уақытын пайдалы ұйымдастыру, кружоктар мен секцияларға қатысуын қамтамасыз ету керек. Баламен күнделікті сөйлесіп оның барлық қиындықтары мен жетпек жетістігін талқылау керек. Баланың әлеуметтік желідегі қарым қатынасына шектеу қою керек. Баладан агрессиялық өзгерістер байқасаңыз психологтар мен психотерапевт көмегіне жүгіну керек деді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі менеджер Әбішев М.Е: «Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ» - тақырыбында лекция оқып, оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу.

Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық - адам бостандығы. Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау - Конституциялық заңдылықтың басты талабы екенін түсіндіріп шықты.

Ата-аналардың ұсыныстары:

1. Кабинеттерге интерактивті тақта қойылса.
2. Асханада берілетін тамақтың сапасына көп көңіл бөлінсе.
3. Гардеробқа аяқ- киімдер салатын қосымша шкафтармен қамтамасыз етілсе.
4. Оқушылардың парталарының жиректеріндегі жапсырмалар жоқ, киімдерін түте-түте етеді, парта мен орындықтар әр түрлі.
5. Математика мен жаратылыстану пәніне оқушылардың қызығушылығын арттырып, қызықты өтуін сұраймыз.
6. Фокутатив сабақтарында балалар бос отырмай жұмыс жасауын мұғалімдерден сұраймыз.
7. Гардероб мәселесі бойынша әр сыныптың ілгіштері бөлек болса.
8. Әр сыныпта оқу құралдарын және жеке заттар салатын сөрелері (шкафчик) болса.
9. Сабақтың өту уақытын 40мин өзгертсе.

- 10.Сабақ барысында 11-сынып оқушылары мұғалімдермен ҰБТ тестерімен жұмыс істесе.
- 11.Қосымша пәндік курстар болса, қажеттілігі бар балаларға тегін курсқа қатысуға мүмкіндік болса.
- 12.Мектепте коворкинг бөлмесі ашылса.
- 13.Шешендік өнер үйірмесі ашылса деген ұсыныстар айтылды.

Шешім:

1. Жоғарыда айтылған ұсыныстарды мектеп әкімшілігі назарға алсын.
2. Балам қауіпсіздігі басты назарға алсынып, сынып жетекші мен ата-ана арасында байланыс нығайтылсын.
3. Ата-ана, мектеп, оқушы арасында ынтымақтастықты нығайту мақсатында ашық есік күндері ұйымдастырылсын.
4. Балаларымыздың болашақта жақсы болуы үшін ата-ана мен мұғалімдер тығыз байланыста болып, бір мақсатта түсіністікпен жұмыс жүргізсін;
5. Баланың мінез-құлқы өскен ортасына байланысты болғандықтан отбасындағы ата-аналардың жауапкершілігін арттыруда мектеп психологтары ата-аналармен тренингтер жүргізсін;
6. Баланың екінші ортасы мектептегі достары болғандықтан сыныпта балалардың мінез-құлқына әсер ететіндей өнеге сағаттары, сыныптан тыс шаралар, Үлгі боларлық тұлғалармен, тәжірибиелі мамандармен кездесу кештері ұйымдастырылсын;
7. Ата-ана, мұғалім және балалармен бірлескен спорттық жарыстар мен сайыстар өткізілсін.

Мектеп директоры

Ғ. Б. Әметбеков

Хатшы

Н.Т.Бекебаева

